

**2017 жылғы 1 қыркүйекте «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» республикалық газеттерінде ол туралы ақпараттық хабарландыру жарияланған
2017 жылғы 19 қазанға белгіленген «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар енгізу туралы хабарлама**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) өз акционерлеріне 2017 жылғы 19 қазанда, 10 сағат 00 минутта, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй, мәжіліс залы, 3-қабат мекенжайында (Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер) өтетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселенің енгізілгенін хабарлайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 1-тармағына және Қоғам Жарғысының 10.21-тармағына сәйкес Қоғамның директорлар кеңесі «Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу» туралы қосымша мәселені енгізеді.

Толықтырулар ескерілген күн тәртібі:

- 1) Қоғамның Есеп комиссиясы туралы;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Игорь Валерьевич Гончаровтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- 3) Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау;
- 4) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу.